Отец Салик — железнодорожник, мать Асия — учительница младших классов. В семье все интересовались культурой и искусством. У Рамазана было два старших брата Марат и Мурат, которые в 1954 году окончили Алматинское хореографическое училище. И родители по этому случаю устроили той, пригласив, как положено у казахов, много гостей. Среди них был и преподаватель Александр Селезнёв, чьё имя сейчас носит это училище, который заметил юркого мальчика и пригласил его тоже учиться балету через пару лет. Десятилетний Рамазан сам поехал в училище, в последний день третьего тура отбора детей в Московское хореографическое училище при Большом театре. Встретил там дядю Сашу, который представил его жюри. В итоге был отобран в числе 12 счастливчиков.

В 1966 году с отличием закончив Московское хореографическое училище (педагог А. М. Руденко), был выбран единственным от Москвы из 400 учеников на Международный конкурс балета в Варну (Болгария). В конкурсе принимали участие 120 танцоров из многих стран мира. «Никому не известный парень» занял второе место. После успеха на конкурсе в Варне ему предлагали остаться в Большом театре, но он был патриотом и вернулся в Алма-Ату, став в 1967 году солистом балета Казахского театр оперы и балета им. Абая. Но его не забывали, приглашая на стажировку в Москву в классах Александра Руденко, Алексея Варламова и Асафа Мессерера. Вёл концертную работу: из лауреатов международных конкурсов в столице была организована балетная труппа, объездившая с гастрольями полмира.

Так Р. Бапов работал сразу в двух местах — набираясь опыта в Большом театре и получая хорошую практику в ГАТОБе им. Абая. Много гастролировал в Дании, Швеции и Финляндии, Сирии и Иордании, Индии и Шри-Ланке, Малайзии и Сингапуре и многих других странах. В 70-е годы XX столетия был самым ярким и талантливым явлением в казахском балете. Его творческий путь — пример стремительного взлёта к вершинам мастерства. Каждый выход на сцену являлся демонстрацией высокого артистизма, музыкальности, сценического обаяния. Предельная экспрессивность, завершенность жестов и поз, легкость, благородство, скульптурная выразительность характерны для его исполнительской манеры.

«Меня поразила в Бапове какая-то необычайная открытость, широта танца, которая тесно переплеталась с молодым азартом, неумной жадной передать зрителю свои эмоции, своё понимание музыки, раскрыть трактовкой балетной партии собственное понимание героя. Отточенная техника, лаконизм и в то же время драматическая насыщенность танцевального образа отличают выступление Бапова. Удивителен по своей красоте, по своей раскованности прыжок — взлет танцовщика, полный изящества, блеска, одухотворенности. Это артист, обладающий большими возможностями и яркой индивидуальностью» (Майя Плисецкая)

Завершив выступать на сцене, окончил Ленинградскую консерваторию им. Н. Римского-Корсакова (кафедра режиссуры балета, 1986) и в 1988 году уехал работать в Стамбульский государственный театр оперы и балета (Турция)<sup>[4]</sup>, где параллельно вёл мужской балетный класс в консерватории (кафедра хореографии).

В 1994 году повёз своих турецких учеников на международный конкурс в болгарский город Варну, в котором 28 лет назад сам принимал участие, где встретился со старым знакомым по той же Варне румынским артистом балета Павлом Ротару, который вёл свою балетную школу в США, и пригласил Рамазана на работу в Америку. Приехав в Штаты на пару месяцев, остался там на 13 лет. Жил и работал в Атланте, штат Джорджия. Позже открыл свою балетную школу, где занималось 140 учеников, работал и в других частных школах. Ставил номера и одноактные балеты, фрагменты из балета «Щелкунчик» П. Чайковского — «Восточный танец», «Танец Снежинок»,

«Китайский танец». Его ученики завоёвывали первые места на всеамериканских конкурсах.

В 2007 году получил приглашение Президента Казахстана Н. Назарбаева, вернулся в Казахстан и через год занял должность главного балетмейстера Казахского государственного академического театра оперы и балета им. Абая

В последние годы жизни являлся советником директора театра по хореографии и профессором Казахской национальной академии искусств им. Т. К. Жургенова, где преподавал студентам кафедры «Режиссура хореографии

5 августа 2015 года состоялось открытие памятника Рамазану Бапову на Кенсае. Скульпторы: Эдуард Казарян и Каиржан Токишев. В момент открытия прилетел орел и парил некоторое время над памятником в небе.

В 2022 году в городе Алматы названа улица в честь Рамазана Бапова.

8 июля 2022 года к 75-летию юбилею на доме (пр. Н. Назарбаева, 116, ранее — пр. Д. Фурманова), где жил Рамазан Бапов с 1977 по 2014 годы установлена памятная мемориальная доска. Скульптор: Алтай Бейсенов. Портретной основой для мемориальной доски стали образы артисты из балетов «Жизель» и «Спартак».

Дипломант Международного конкурса артистов балета в Варне (2-место);

1968 — Лауреат Всесоюзного конкурса артистов балета в Москве;

1970 — Медаль «В ознаменование 100-летия со дня рождения Владимира Ильича Ленина»;

1971 — Кавалер ордена «Знак Почёта» 1973, Заслуженный артист Казахской ССР.

### Список литературы:

1. Балет. Энциклопедия, СЭ, М, 1981

2. Жумасетова Гульнар. Хореография Казахстана. Период независимости- Алматы: «Жибекжолы», 2010;

3. Степь, очарованная танцем... Балетное искусство Казахстана в годы Независимости. Эссе и очерки. Составитель Накипов Д. Алматы СаГа, 2011;

4. Танец. Поиск. Достижения: 20 лет факультету «Хореография». Алматы, 2014г.

5. Архив АХУ им. А. Селезнева

6. <http://www.tarih-begalinka.kz/ru/history/postwar/figures/page3318/7>

7. <https://ru.m.wikipedia.org/wiki/>

*Қазанған атындағы Қызылорда  
музыкалық жоғары колледжінің  
хореографиялық өнері бірлестігі  
Өміржанова Айым Бекболатқызы  
Ғылыми жетекшісі: Жубанова А.О.*

## **ҚАЗАҚ БИІНІҢ ПАДИШАХЫ**

**Аннотация.** Мақала ХХ ғасырдың тұңғыш қазақ кәсіби балет майталманы Дәурен Тастанбекұлы Әбіров - Қазақ би өнеріне өз көптеген еңбектерін енгізген, қазіргі таңда жас ұрпақтың жүрегінің төңірегінен орын алатын қойылымдардың балетмейстеріне арналған

Статья посвящена первому казахскому профессиональному балетмейстеру ХХ века Даурену Тастанбековичу Абинову-балетмейстеру постановок, внесшим в Казахское танцевальное искусство много своих трудов, которые в настоящее время занимают центральное место в сердцах молодого поколения

The article is dedicated to the first Kazakh professional ballet master of the 20th century Dauren Tastanbekovich Abirov-Balletmaster of performances, who have contributed many of his works to the Kazakh dance art, which currently occupy the central place in the hearts of the young generation.

Қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқан халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы болып табылады. Халықтың көркемдік ойының бір көрінісі ретіндегі би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін қалыптастырған көптеген балетмейстерлер өз еңбегін қазақ биінің өркендеуі үшін тер төкті. Соның бірі Қазақ КСР халық әртісі, өнертану ғылымдарының кандидаты, хореография профессоры Д.Т.Әбіров.

Дәурен Тастанбекұлы Әбіров 1923 жылы қазан айының 6-шы жұлдызында Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қаракемер ауылында дүниеге келген. Алматы хореографиялық училищесін бітірген. Хореографиялық білімін шыңдаған талантты биші 1952 жылы Мәскеуде Луначарский атындағы ГИТИС-нің балетмейстерлік бөлімін үздік нәтижемен аяқтады. 1952 жылы Абай атындағы Қазақ Опера және Балет театрының бас балетмейстері қызметіне тағайындалды. Мойнына жүктелген бұл қызметті 1977 жылға дейін асқан шеберлікпен атқарып, 1984-1989 жылдары Темірбек Жүргенов атындағы Мемлекеттік театр және кино институтының кафедра меңгерушісі болды. 1989-1997 жылдары Хореография бөлімінің жетекшесі қызметін атқарды. 1997 жылдан бері театр және кино институтының Жоғарғы хореография мектебінде ұстаздық жұмыс жасады. Ол бар өмірін қазақ өнеріне арнаған талантты биші, қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби балетмейстер. Д.Әбіров Абай атындағы Қазақ Ұлттық Опера және Балет театрында көрерменнің ілтипатына бөленген «Абай», «Біржан-Сара», «Бақшасарай бұрқағы», «Достық жолы», «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу», «Аққанат», «Бақыт жағалауы», «Қамбар-Назым» балеттерін көз көргендер әлі тамсана айтады.



Д.Әбіров ұзақ жылдар бойы қазақ балет сахнасындағы ең жарқын және талантты бишілердің бірі болды. Д.Әбіров өзіндік жаңа жолмен жүре отырып, дәртсіздікпен қазақ ән-би мәдениетінен жаңа қазақты сахналық би хореографиясын шығарды. Ол шығарған театрлық репертуарда бірқатар ұрпақ өсіп өнді.

Д.Т.Әбіров « Қазақта би өнері жоқ!» деген пікірге қайшы көптеген зерттеулер жүргізді. Соның нәтижесінде көптеген би өнері туралы кітаптар жарық көре бастады. Әбіровтың туындыларынан қазақ халқының мәдениеті мен өнерін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін ерекше байқауға болады. Ол қазақ биін жаңа тақырыптармен, бейнелермен байытып, қазақ биінің шеңберін кеңейтті. Әрі қазіргі ұлттық-сахналық бидің негіздерін дамытып, шығармашылық ізденісте болып, ұллық хореографиялық өнердің кәсіби жанрларына көп жаңалық енгізді.

Д.Әбіров Абай атындағы Опера және Балет театрында талай қойылымдарды ойнап көрерменді қуантты. Абай атындағы опера және балет театрында В.Великановтың «Қамбар-Назым», Е.Брусиловскийдің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», Г.Жұбанованың «Аққанат» балеттерін қойған. Биші ретінде А.Аданнның «Жизель», П.Чайковскийдің «Аққу көлі», Б. Асафьевтің «Бақшасарай бұрқағы» және т.б. балеттерде жетекші партияларды билеген. Сондай-ақ «Қамар сұлу», «Айсұлу» операларына және де басқа көптеген концерттерге билер қойған. А.Глазуновтың «Раймонда», Т.Меликовтің «Фархад-Шырын», Ф.Яруллиннің «Шурале», Е. Брусиловскийдің «Дударай», «Қыз Жібек» және «Жалбыр», М.Төлебаевтың «Біржан-Сара» т.б. классикалық балеттерін сахнаға бейімдеген. Одан басқа «Девушка-джигит», «Біздің сүйікті дәрігер» («Наш милый доктор») кинофильмдеріне, Қазақ Мемлекеттік Филармониясының әртістеріне көптеген жаңа билер қойды. Қазақ концерт бірлестігінде біраз жыл бас балетмейстер қызметінде жүріп, Қазақстанның әр өңірінен 18 халық хореографиялық ансамблін құрды. 1980-1982 жылдары Йемен-Араб республикасында еңбек етіп, онда алғашқы ұлттық кәсіби би ансамблін ұйымдастырды.

Өнерсүйер қауымға жақсы таныс қызылордалық «Сыр сұлуы» ән-би ансамблінің негізін қаласқандардың бірі де биші Дәурен Әбіров болатын. Ол жалықпай ауыл-ауылды аралап, «Сыр сұлуы» ансамблінің құрамына өнерлі жастарды жинайды. «Өнерлі жанның өрісі кең» деген емес пе? Бағы жанғандары ансамбльге қабылданады.

Өнер саласында еңбек ете жүріп Д.Әбіров 1979 жылы «Қазақ биінің кәсіби сахнада қалыптасуы мен дамуы» туралы кандидаттық диссертация қорғады. Қазақтың би өнері жайлы зерттеу жұмыстарын жүргізіп, бірнеше монография (Ә.Исмайловпен бірге «Қазақтың халық билері», 1961; «История казахского танца». – Алматы: Санат, 1997 және т.б.) жазды. Би өнері саңлағының ол еңбектері бүгіндері хореография өнерімен айналысып жүрген жастарға оқулық ретінде пайдаланылуда.

Дәурен Әбіровтің еліміздің хореография өнерінің қалыптасуына, дамуына қосқан үлесі ұлан-ғайыр. Оның еңбек жолын зерттеп, қазақ би өнерін дамытуға қосқан үлесі жайлы көптеген еңбектер жазылып, ғылыми

диссертациялар қорғалды. Оның есімі бірнеше ЖОО хореографиялық залдарына берілді. Шәкірттері әртүрлі дәрежеде байқаулар өткізуде. Балетмейстер қалыптастырған би мектебінің түлектері тек Қазақстанда ғана емес, шет- елдердің де биік сахналарынан өнер көрсетіп жүр. Өмір, өнер сабақтастығы деген, сірә, осы болар...

«Дәурен Әбіров – қазақ хореографиясының жарқын құбылысы. Ол орыс және кеңес хореография өнерінің дәстүрлеріне сүйеніп қоймай, өз халқының мәдениетімен, тарихымен және бүгінгі тыныс-тіршілігімен тығыз байланыста болды. Оның туындылары қазақ халқының мәдениеті мен өнерін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін жетік білуімен ерекшеленіп тұрды. Дәурен Әбіров қазақ биін жаңа тақырыптармен, бейнелермен байытып, қазақ биінің шеңберін кеңейтті, әрі қазіргі ұлттық-сахналық бидің негіздерін дамытып, шығармашылық ізденісте болып, ұлттық хореографиялық өнердің кәсіби жанрларына көп жаңалық енгізді. Д.Әбіровтің мейлінше қарапайым халық өмірінің халық ортасынан шыққан, шынайылығымен әркімнің жүрегіне жақын, жанына жайлы терең түсінікті билерінің бірі – «Қоштасу» (немесе «Бес қыз»). Жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуде бұл би үлкен рөл атқарып келеді. Д.Әбіровтің қазақ қыздарының әсем, екпінді қимылдарын көрсеткен қойылымы – «Алтынай» күй ырғағына негізделген «Алтынай» биі... «Ата толғауы» биі Н.Тілендиевтің «Ата толғау» күйіне негізделген. Лирикалық қыздар биі. Би – халықтың тұрмыс-тіршілігін бейнелейді. Бишілердің қолдарында – Асатаяқ аспабы. Музыка ырғағымен соғып әсем қимыл қозғалыстар жасайды», – деп жазады өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент Қарлығаш Айтқалиева өзінің «Балетмейстер Дәурен Әбіровтің шығармашылық мұрасы» (Алматы, 2007) атты еңбегінде.

Қазақта қызды күйеуге ұзату ерекше қадірленетін салттың бір түрі. Қыз балаға құда түсуден бастау алатын ел-жұртымен бұл салт, қыздың қоштасуымен аяқталады. Қыз ата-анасымен, бауырымен, аға-женгесімен, қоштасады. Қыз еліне қадірлі, жұртына сыйлы болса, оны ауылдың кәрі-жасы қалмай көш жерге дейін шығарып салады. Қашанда он босағада отырып, қонақ болып емін- еркін, еркелеп өскен қыз елімен, жақын құрбыларымен соңғы рет қоштасып билеп жүр. Әдемі сазды әуен қыздың көңіл-күйін шынайы ашып тұр. Қимас құрбыларын құшағына алып, еліне иіліп сәлем жолдай қоштасып тұрған қыз бейнесі. Бидегі нәзіктік пен қыз сұлулығы, майыса иілген дене, алуан түрлі қол қимылдары арқылы суреттеледі. "Қоштасу" биіндегі қалыңдықтың алғашқы орындаушысы, ансамбль бишісі Фаридә Алиева. Жас биші үшін 3-4 минутта күрделі образ жасау үлкен сын болатын. Алғашында тек қимыл тазалығына ғана көңіл бөлетін биші шыққанның арқасында кәдімгідей ысылып қаларлықтай көркем образға қол жеткізді. Бишінің табиғи сымбаттылығы мен сұлулығы да осы образға сай келіп турғандай еді. Балетмейстердің табиғатынан нәзік осы бишіні би желісін әрлендіре түсті.

"Қызғалдақ" деп аталған би композициясы халықтың табиғат құбылыстарынан нәр алып, қатар кешіп келе жатқанын суреттейтін. Немересін ертіп топ шиле келе жатқан қария. Ұлыстың ұлы күні көпшілік батасын беріп

түр. Көктемде күн мен түн теңеліп, жұрттың аузы аққа тиіп, күннің нұры шуақтана бастаған шақта келетін наурыз мейрамын суреттеуден басталатын бұл би жер бетін түкті кілемдей құлпыртқан жайдары жала ауысады. Қызыл-жасыл костюм киген қыздар гул болып тербеліп, шым-шытырық қимыл-қозғалысқа толы небір әдемі суреттемелер жасай билейді. Немересін ерткен карт та көпшілік ортасында билеп жүр. Композиция белгілі күйші Туркештің "Көңілашар" күйіне дүбірлете биленетін көпшілік биімен аяқталады. Би "Көңілашар" күйіне қойылған алғашқы би. Бұл жерде күйдің ырғақтық күрделілігін және жылдамдығын ескерсек ансамбль репертуарын байыта түсті.

"Балбырауын" биі Д. Әбіровтың жігіттерге арнап қойған нағыз сахналық үлгідегі ұлттық биі. Бишілерден жоғары деңгейдегі дайындықты талап ететін бұл би ансамбль репертуарындағы үздік билер санатына жатады. Кұрманғазының "Балбырауын" күйіне қойылған би техникалық және динамикалық жағынан теңдесі жоқ билердің бірі деуге болады. Күйдің техникалық дамуы, динамикасы және әдемі иірімдері би коюшының қиялын арттырғаны сөзсіз. Басынан аяғына дейін екпінді, тез ойналатын осы күйге қойылған би қимылдары да шапшаң орындалады. Жоғары секіре орындалатын "sissonne" қимылының халықтың "шабыс қимылына" әдемі ауысатын сәттері, не болмаса алға "tire-bochon" кейпінде тез айналу арқылы бірнеше рет қайталай орындап бір қалыпта қалуы әсем үйлесім тапқан.

Белгілі композитор, ғалым А.Жұбанов: "Балбырауын" күйінің ырғағында, жалпы музыкалық кейпінде ойын-сауықтың, бидің элементтері бар" дей келіп ойын былай жалғастырған...лаулаған жалындай екпінінің уайым-қайғыға, заманның ауыр азабына беріле қоймайтын жас жандардың сауық-сайрандарын, у-шуларын керсеткендей. Д.Әбіровтың бұл қойылымы осындай жастық жалынға толы би болып шықты. Осы орайда өнертану ғылымының докторы В.Ванславтың: "Дене пластикасына музыка көмекке келмесе бидің тууы мүмкін болмаған болар еді. Ол бидің айқындығын күшейтіп әсерлі ырғақтық негізін құрайды", - дегенін айта кеткен жөн. Классикалық би қимылдарын халықтық қимыл-қозғалысқа айналдыру Д.Әбіров шығармашылығына тән. Жігіттердің осы биінде, техникалық орындаушыдан жоғарғы деңгейдегі дайындықты талап ететін классикалық қимылдарды орынды пайдаланылғаны көрініп тұр. "Pas echappe", "pas assemble", "pas de basque", "jete entrelace" тағы басқажоғары секіру қимылдары, қос қолды казак биі қалпында үйлестіру арқылы халықтық түр алған.

Балетмейстердің халық композиторы Алтынайдың күйіне қойған техникалық жағынан өте күрделі билерінің бірі "Алтынай". Биді ансамбльдің қыздар тобы биледі. Бұл күй Е.Брусилковскийдің өңдеуінде "Ер Тарғын" операсында пайдаланылған болатын. Оны алғаш осы операда А.Александров қойған. Д.Әбіров бұл биді жеке орындауда Қазақконцерт бишісі Ғ.Токтарбаеваға қойған болатын, ал көпшілік би ретінде сахнадағы қозғалыс суреттемелері байи түсті әрі полифониялық түр алды.

Ал, "Ұтыс биі" жұптаса билейтін көпшілік биі. Би М.Төлебаевтың "Біржан Сара операсында биленіп жүр. Жалпы "Ұтыс биі" - халы арасында көп тараған ежелгі билердің бірі. Ұтыс - жарыс деген сөзге саяды. Өнерпаздар ортаға кезек-кезек шығып өз өнерін сарапқа салатын. Олай болса, "Ұтыс биі" дене ептілігін көрсететін шымыр да сергек, неше түрлі тәсілде биленетін би болуы керек. Д.Әбіров биді қойғанда осындай тәсілді ұстанғандығын көрдік. Жігіттер екі топқа бөліне шығып, бір-бірін жарысқа шақыра билесе, қыздар жігіттерге болыса жұптарын жазбай билейді. Музыкалық, шығарма үш бөлімнен тұрады. Осыған байланысты екпінді де жігерлі бірінші бөлімінде жігіттердің биі тез де ширақ жүреді. Ал, екінші бөлімі лирикалық қыздар биі әсем қол қимылдары мен дене қимылдарынан құрылған. Үшінші бөлімде қайталанатын бірінші бөлімдегі музыкаға барлығы қосылып жастық жігерге толы шаттық биін билейді. Балетмейстердің бұл биі ансамбль репертуарынан жарқырай көрінген шығармалардың бірі болды.

«...Қазақ биін Ш.Жиенқұлованың, Д.Әбіровтің, Ғ.Бейсенованың, О.Всеволодская-Голушкевичтің мектебі, әдісі деп арнайы оқытса, қазіргі қазақ биінде бір жаңалық болар еді. Түйіндеп айтқанда, қазіргі қазақ биі өте жақсы қарқынмен өркендеп келеді. Өкінішке қарай, Шара апамыз бен Дәурен ағамыздың қалыптастырған би мектебін жалғастыратын хореографтарымыз әрине, саусақпен санарлықтай. «Алтын қордағы» ұлттық билерді қазақ биін оқыту процесінде жүйелі пайдалану өте маңызды. Бұл шығармалар қазіргі қазақ биінің дамуына толық мүмкіндік береді», деп ой түйеді Қ.Айтқалиева.

Қазақ биін әлемге таныту хореографтардың қазіргі басты мақсаттарының бірі болуы керек. Ал Дәурен ағаның тәлімі халқына керек өнер, ол ұлтымыздың мақтанышына айналған талантты тұлға. Дәурен ағадай өнер иесі, балетмейстер ілуде біреу! Ол – қазақ би өнерінің бірегей тұлғасы. Сондай жандарды қадірлеп, пір тұтпасақ, болашаққа не деп барамыз?! Д.Әбіровтің өнегелі өмір жолынан, атқарған қыруар еңбегінен кейінгі жастар үлгі алуы керек. Ол – елге, халыққа адал қызмет етудің үлгісін көрсетіп кеткен ерекше жан. Өнерді қадірлейтін халқы барда, Дәурен Әбіровтің есімі ұмытылмауы керек.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

Ізім Тойған, Уақыт және Би өнері Алматы 2008

[https://kk.m.wikipedia.org/wiki/%D0%94%D3%99%D1%83%D1%80%D0%B5%D0%BD\\_%D0%A2%D0%B0%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%B1%D0%B0%D0%B9%D2%B1%D0%BB%D1%8B\\_%D3%98%D0%B1%D1%96%D1%80%D0%BE%D0%B2](https://kk.m.wikipedia.org/wiki/%D0%94%D3%99%D1%83%D1%80%D0%B5%D0%BD_%D0%A2%D0%B0%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%B1%D0%B0%D0%B9%D2%B1%D0%BB%D1%8B_%D3%98%D0%B1%D1%96%D1%80%D0%BE%D0%B2)

<https://zhasalash.kz/ruhaniyat/bi-padishahy-16284.html>



*Темірхан Ерқанат 501-топ оқушысы  
Құтығұл Айбарша 501-топ оқушысы  
Ғылыми жетешісі: Қыдырбаева Фарид  
Нуркадиловна*

Темірхан Ерқанат 2008 жылы 6 тамызда Алматы облысы, Есік қаласында дүниеге келген. Осы училищеге дейін Есік қаласында бастауыш сыныпты үздік оқып, бокс үйірмесіне қатысқан. Училище педагогтарының іріктеу жұмыстары кезінде көзге түсіп, осы училищеге қабылданған. 2018 жылдан бері АХУ-інде 9-сыныпта оқиды. Оқуда екпінді, концерттерде өнерімен танылып жүр.



Құтығұл Айбарша 2007 жылы 18 желтоқсан күні Атырау қаласында дүниеге келді 2 жасында гимнастика мен би ансамбліне қатысқан 8 жасында Н.Тілендиев атындағы өнер академиясында би бөлімінде оқыды 7 10 жасында Мәскеудегі конкурсқа қатысып, 1 орын иегері атанды. Қазіргі таңда 9-шы сынып оқушысы.

### **ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИДІҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ – ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ**

**Андатпа :** Бұл ізденіс жұмысында Қазыбек бидің өмірі мен тарихи деректерге сүйене отырып, « **Қаз**» сөзінің мағынасына жаңаша түсінік беріледі. Қаз дауысты Қазбек би атауының шығу тарихына болжам жасалады. **Андатпа :** Бұл ізденіс жұмысында Қазыбек бидің өмірі мен тарихи деректерге сүйене отырып, «**Қаз**» сөзінің мағынасына жаңаша түсінік беріледі. Қаз дауысты Қазбек би атауының шығу тарихына болжам жасалады.

**Аннотация:** В этой творческой работе, опираясь на историю жизни Казбек бия и исторические данные, дается новое толкование значению слова «Қаз». Будет дано предположения о истории происхождения прозвания «Қаз дауысты Қазбек»

**Annotation:** In this search work , a new interpretation of the meaning of the word «Kaz» is the given and based on the life and historical date of Kazybek bi. The history of the origin of the name Kazybek bi is predicted.

**Өмір сүрген кезеңдері мен алған тәлім- тәрбиесі.** XVII ғасырдың екінші – XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақ елінің бағына ақыл іздегенде табатын нысанасы, ар-абыройының арашасы, жауға алдырмас қорғаны бір топ асылзада азаматтар дүниеге келді. Солардың ішінде Қазақ мемлекетінің ішкі билігіне де, сыртқы саясатына да өлшеусіз еңбек сіңірген Қаздауысты Қазыбек би.

Қазыбек Келдібекұлы (1665-1764) Сырдарияның жағалауындағы ауылда туып өскен, жастық шағын Қаратау, Ұлытау атырабында өткізсе керек. Қазақ

шежіре деректері бойынша Қазыбек Арғынның Қаракесек (Болатқожа) руынан. Орта жүз Арғын тайпасының Қаракесек руынан шыққан Қазыбек би 1665 жылы Қарқаралы өңірінде дүниеге келген.

Оның әкесі — Келдібек би. Қазыбек туғанда оның анасы Тоқмейіл былай депті:

«Айналып-толғанып өсірсем,  
Ақ сүтімді кешірсем,  
Адалдан болар нәсібің,  
Тіліңнен болар кәсібің».

Бір орында байыз тауып отыра алмайтын баладан белгілі шешен, би шығады деп кім ойлаған... Қазыбек бидің пікіріне хандар, беделді сұлтандар да құлақ асқан. Қазақ халқы оны Қаз дауысты Қазыбек би деп атап кеткен. Қазыбек би ақыл-ес қабілеттері жоғары болып, халық үшін бәрін істеуге дайын болған. Ол атақты шешен, халықтың көкейіндегісін айтқан, ойын жарыққа шығарған әділет жоқшысы болып, шын мәнінде Орта Жүздегі мемлекеттілік пен заңның қорғаушысы болып табылған екен. Бірақ та қазақ даласында тек өзінің би қызметтілігінің арқасында ғана емес белгілі тұлға болып саналған. Сөзге шешен, вербалды таласқа түсіп, ұтымды сөзді пайдаланып, өз қарсыласының ойынан озып кете беретін болды. Оның бойындағы осындай қасиеттер би ретіндегі және елшілік қызметі үшін де өте пайдалы болған. Өкінішке қарай, осы күнге дейін XVII- XVIII ғасырлардағы қазақтың тарихы мен осы тарихты жасаған елеулі тұлғалары туралы тұщымды ғылыми еңбектер аз. Қолда бардың көпшілігі көркем әдебиет түрінде, не көлемді публицистика деңгейінде жазылған мақалалар мен кітаптар. Кәсіби тарихшылар мен ғалым-заңгерлердің қолынан шыққан дәстүрлі Қазақ мемлекеті мен оның құқықтық негіздері туралы еңбектер сирек. Осыған байланысты олқылықтың орнын толтыру мақсатында біз Қаздауысты Қазыбектің өмірі мен қайраткерлік қызметіне арналған бірнеше ғалымдардың пікіріне талдау жасап отырмыз. Қазақтың жауынгер ханы Салқам Жәңгір 1652 жылы өлген соң, дағдарысқа түскен қазақ мемлекетін қайта құрап, оның саяси институттары мен дәстүрлі қоғамдық жүйесін қайта жаңғырту оңай болмаған. Қаздауысты Қазыбек осы бір ауыр кезеңде атқа мінген тұлға және ол заманның ахуалын түсіну оңай емес. Бұл жағынан бізге қазақ арасында сақталған бабамызға қатысты аңыздар мен жырлар жақсы жолбасшы болады. Қазыбек би Жоңғар шапқыншылығы үдей түскен кезеңге тап келді, сондықтан да Жоңғар әміршісіне барған алғашқы елшіліктің құрамында болған. Келіссөздер сәтті аяқталып, жоңғарлар ұрланған малды иелеріне қайтарып берді. Хикаяларды баяндайтын аңыздарға сенсек, Қазыбек би Жоңғар әміршісіне айтқан :

*«Қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.*

*Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзасына жылқының қылын таққан елміз.*



*Дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз.  
Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз.*

*Бірақ асқақтаған хан болса — хан ордасын таптай білген елміз.*

*Атадан ұл туса — құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса — күң боламын деп тумайды, ұл мен қызын жатқа құл мен күң етіп отыра алмайтын елміз.*

*Сен темір болсаң, біз көмірміз — еріткелі келгенбіз, қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз.*

*Танымайтын жат елге — танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең — шабысқалы келгенбіз.*

*Сен қабылан болсаң, мен арыстан — алысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз.*

*Бітім берсең — жөніңді айт, бермесең — тұрысатын жеріңді айт!»*— деп айтылатын толғауы шамамен 78 жасында, 1743 жылы Қалдан Серен қолынан Абылайды босатуға барғанда айтылады. Бұл ондаған жылдарға қазақ пен қалмақтың жаугершілігін ауыздықтаған кездесу болды. Одан кейін Қазыбек би қазақ елшілігінің құрамында жоңғарларға бірнеше рет барып келген, соның нәтижесінде татулық пен бейбітшілік орнатылған. Бір кезде Абылай сұлтан тұтқынға түсіп қалғанда, Қазыбек би Абылайды құтқару үшін үлкен табандылығын көрсеткен. Абылай сұлтан тұтқыннан босатылды. Кейін ол Сарыарқаның ханы болып атанды. Би Абылайдың өр мінезін, қазақ халқына деген берілгендігін байқады. Жоңғар хандығының билеушісі Қалдан Серен Абылай сұлтанды тұтқыннан босату үшін екі шартты қойған. Біріншіден, Қазақ даласының ең атақты адамдарының әрқайсысы өзінің бір ұлын аманатқа берсін деген еді, ал екіншіден, жоңғарлар Ресеймен қарым-қатынасты үзіп, Жоңғар хандығының бодандығын қабылдауын талап еткен. Қазақ арасындағы әртүрлі әңгімелерде Қазыбек алғашқы елшілікке 13-14 жасында барған екен деген сөз бар. Шын мәнінде қызы Маңқанның жоқтауында көрсетілгендей он сегіз жасында барған. Сонымен бірге, Қазыбек әкесі Келдібектің жанында әз Тәуке хан ордасында жүріп дипломатиялық жұмыстарға дайындалған деуге болады. 1681-1683 жылдары Жоңғариядан аттанған Қонтәжінің немере інісі Сыбан Рабтан басқарған қалмақтың ірі әскері қазақтың оңтүстік бөлігін шапты, Ташкент-Түркістан маңындағы көрнекті қалалардың көбі қалмақ қолына өтті. Бұл оқиға қазақ шежіресінде **«Сауран айналған»** деген атпен белгілі. Қазақ қалаларының ішінде ең көп қарсылық көрсеткені де, қирағаны да Сайрам қаласы болды. Осы жолғы шабуылдың кезінде тек қалалар ғана емес, оның маңындағы көшпелі елден де жау қолына түскендер болды. Сыбан Рабтан қазақты Жетісуға қарай кері қуып, оның ішінен таңдап мың үйді Қаратал өзені, Іле бойында отырған Қонтәжіге сыйлыққа тартты делінеді.

Қазақ шежіресі бұл жағдайды былайша түсіндіреді: «Бір жылдары қалмақ ханы Қонтәжі қазақтың малын, малымен қоса ұлы мен қызын әкетеді. Ел «қызымызды күң, ұлымызды құл қылып отыра алмаймыз» деп соғысқа дайындалады. Сонда Тәуке хан «Алдымен елші жіберейік, жүз кісіні бастап

каракесек Келдібек қалмақтың ордасына барсын», дейді. Келдібектің шау тартып қалған кезі болса керек, өзімнің орныма балаларымның бірін жіберейін деп рұқсат сұрапты». Бұдан әрі қарай шежіреші ауыз әдебиетінің сүйікті қаһарманы Телқоңыр деген тайды әңгімеге қосады, ұлы Қазыбекті соған мінгізіп, Тәукенің ордасы Түркістанға жібереді: «Тәуке ханның көзі ең алдымен кермеде тұрған осы Телқоңыр тайға түсіпті дейді. Ауыздығын қарш-қарш шайнап, бусанып, елеңдеп тұр екен. Содан кейін барып сәлем беріп жанына келген Қазыбектен: – Сен басшы болғың келе ме, жоқ қосшы болғың келе ме? – деп сұрапты. – Мен ауылда жүргенде балалардың басшысы едім, енді ағаларымның атшысы болайын деп келдім. Тай бәйгесі мен құнан бәйгесін көріп едім, енді ат бәйгесіне қосылайын деп келдім, – дегенде Тәуке қарқ-қарқ күліп: – Жарайды, балам, жарайды, барсаң бар. Тайың да жақсы екен, өзің де жақсы екенсің! – дейді». Сонымен Тәуке хан: – Жат елдің алдында жақсы елдің баласы құсап тұрындар. Қалмақтың ханы Қоңтәжі тасып жүрген хан еді! Қол бастайтын батыр болу да қымбат, жол бастайтын көсем болу да қымбат, бәрінен де ел тағдырын шешетін шешен болу қымбат. Елдестіркем елшіден, жауластырмақ жаушыдан. Елдесе алмай жауласа кетсек, сендердің шеберсіздіктеріңнен болады. Жауды алмас қылышпен де көндіруге болады, өткір сөзбен де көндіруге болады, мылтықпен дәлдеп атып жығуға да болады, сөзбен дәлдеп айтып жығуға да болады. Ауыздан шыққан сөз атылған оқпен бірдей, қайтып ала алмайсындар. Сөз сөйлегенде ойлап сөйлеу керек, – деп елшілікті шығарып салады.

Елшілер біраз қиыншылықтарды бастан кешіп, сұрастыра келе Тарбағатай тауының таң жағында, Алтай тауының оң жағында отырған хан ордасына барып жетеді. Ертеңінде қалмақтың ыңғайлы атқа мінгендей, ықшам киім кигендей жігіттері келіп: «Сөзге дәмелің қалмаңдар», деп шақырып келеді. Қазыбек те аттың ішінде қалмай, жігіттермен бірге хан ордасына кіріп келеді.

Сонда хан тұрып ашулы жүзбен, түсін суытып, мұртын тікірейтіп: – Иә, қазақтар, неменеге келдіңдер, айтатындарың болса, айтындар, – депті. Бұлардың басшысы Тайкелтір би асып айтпайтын кісі екен, «ә» дегеннен шарқылдасып, шаңқылдасып қайтеміз деген кісіше:

Өлеңді өзгеге бердік,

Өрлікті төменге бердік.

Алдияр тақсыр, алдыға келдік.

Берсең алдық,

Бермесең қалдық.

Сөзді өзіңе салдық! – деп үш-төрт ауыз тақпақпен сөзді тастай берді. Сонда асып тұрған тәкаппар Қоңтәжі хан Тайкелтірдің төмендеп сөйлеген сөзіне мерейі үстем болып: – Олай болса, кешке шейін бір жауап қайтарармын, жауап қайтпай қалатын күн болса, ат-тонның амандығында елді тапқан да теріс болмас, – депті. Сөйтіп, Тайкелтір үш-төрт ауыз тақпақпен сөзді тастай беріп еді, хан оны екі

ауыз сөзбен үзіп тастады. Үзілген сөзді жалғап қазақ жағынан ешкім ештеңе дей алмайды. Қазақ-қалмақ таразыға бір түскендей болды. Қазақ елшілері тығырыққа тығылғандай болып қалды. Сонда Қазыбек есік жақта өзінің нөкер жігітінің жанында еркелегендей болып отыр еді, айнала бір қарап, ешкім ештеңе демеген соң, орнынан атып тұрып, өздерінің басшысы хан Бертіске жетіп барды.

**– Ерден ердің несі артық.**

**Ептестірген сөзі артық.**

**Малдан – малдың несі артық,**

**Бір-ақ асым еті артық.**

**Жерден – жердің несі артық,**

**Бір-ақ уыс шөбі артық.**

**Міндетіне алған сөзден,**

**Шегінген жігіттен,**

**Өлген аюдың өті артық, – дейді.**

Содан кейін Қоңтәжіге жетіп келіп, қарсы тұра қалып: – Ел ебелек емес, ер кебенек емес, дат! – деді. Сонда хан: «Ой, өзің жөніңді айтшы, атың кім?» – депті. Атым – Қазыбек, әкем – Келдібек, халқым – қазақ, руым – Қаракесек, – депті. – Дауысың қаздың дауысындай қаңқылдап тұр екен, ал датыңды айтшы! – депті хан. Міне, осы тұсқа дейін аңыз елшіліктің әңгімесін әжептәуір шынайы баяндайды. Бірақ әрі қарай «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз» деп басталатын Қазыбектің 1743 жылы Қалдан Серенге айтқан сөзін мәтінге салып жібереді.

Шын мәнінде Қазыбектің айтқан сөзі:

**Ордың Жалғыз ағашына таңба салғыздың,**

**О да сенің өнерің-ді.**

**Мұғалжардан тас алғыздың,**

**О да сенің өнерің-ді.**

**Ертістен темекі тартып, ат суарттың,**

**О да сенің өнерің-ді.**

**Айналада алты хан бар еді,**

**Өзіңнен артық кім бар еді?**

**Қатты қарғысың болса,**

**Қайырлы жарылғасының бар еді,**

**Сол жарылғасыныңнан үміт қылып келдік!**

Сонда Қоңтәжі жас жігіттің сөзіне таң қалып, сүйсініп:

– Өзің сөзге келетін бала болсаң, отырған орның қандай төмен еді, былай жоғары шықшы, жоғары, – деп қолтығын аша беріпті. Сонда Қазыбек: «Біздің қазақтың әдетінде жасына қарай отырып, жағына қарай сөз сөйлей береді, өзімнен үлкен ағаларым төрде отырса, маған төбеде отырғаныммен бірдей», деп жалт бұрылып, орнына қайта барып отырады.

– Мен хан болғалы, басыма бақыт қоңғалы ешбір адамға тізе беріп көрген жоқ едім, жығылғанымды білдіріп, сіздерге біраз сый қылайын, – деп

бұлардың басшы адамының әрқайсысына бір тоғыздан сый беріпті. Қазыбекке қарап:

– Жаным, Қазыбек, сен жаңа үйреткен жас тұлпар екенсің, сенің айтқан сөзіңе менің буыным шыдамай, сіресіп тұра алмадым. Сондықтан, саған екі түрлі белгі беремін. Біреуі – сенің дауысың қаздың дауысындай қаңқылдап шығады екен, сондықтан сенің атың бұдан былай «Қаз дауысты Қазыбек» болсын; екінші – «қос тоғыз жүлдені» саған арнап байладым, бұдан былай сен екі сыбағалы бол!–депті. Олай болса бабамыздың «Қаз» атағын алуы 1684 жылдан басталады деп жорамалдай аламыз.

**«Қаз»сөзінің мағынасы сөзінің мағынасына талдау**  
Біз көп заман Қазыбектің «Қаздауысты» атануы Қоңтайшының «сенің дауысың қаздың дауысындай қаңқылдап шығады» деуінен басталады деп жүрміз. *Бұл өте қате пікір, ауыз әдебиеті мәтіндерін сыннан өткізбей қабылдауға үйреніп алғанның, халықтық қарапайым түсініктерден шықпағанымыздың нәтижесі.* Түркі-мұңғыл көшпелілерінің қоғамдық өмірі демократиялық тәртіпке негізделгені белгілі. Бұл елдердің ішінде байы мен кедейі, сұлтаны мен қарашасы болғанымен, олардың қарым-қатынасын әлеуметтік қайшылық, қанаушылық мағынасында түсіну мүмкін емес. Қоғамды ұстап тұрған ұлы күш – туыстық, рулардың бәрі де бір-бірімен ағайынды, бірі үлкен, бірі кіші. Осы ортада хандардың билігі де шектеулі болуы заңды, олардың барлық күші ру көсемдерінің ниетіне, ықыласына қарай өлшенеді. Ел қолдаса күшті, жаугершілік болса тізгін қолда. Ел көңілінен шықпаса биліктен қалыс. Сол себептен қазақтың да, қалмақтың да қалың ортасында мемлекет пен қоғам өмірінің маңызды деген мәселелері бүкіл ел басшылары мен қарулы азаматтар қатысқан жиында шешіледі. **Осы ұлы нөпір жиынды «Қаз» деп атайды.** Оның өткізілу салты да, шешетін мәселесі Күлтөбедегі «Жеті жарғының» отырыстарынан, хан сарайында, астарда өтетін әртүрлі кеңестерден (тоғанақ кеңес, тұрымтай кеңес, т.б.) бөлек. *«Қаз» дегеніміз – жалпы жасауыңгер жасақтың мәжілісі, жиыны.* Көшпелілердің тәртібі бойынша мұндай жиынға астында аты, қолында бес қаруы жоқ адам қатыса алмайды. Көшпелі қоғамда ондай адамды өзгелер өзіне және тең санамайды. Мәселен, бір жерден қыз айттырамын десе де, алдымен әлеумет шаруасына қатысы бар ма, соған қарайды. Қазға адам көп жиналады, оның шешімдері де дауыстың басымдылығымен шешіледі. Дау болып ел екіге жарылса қай жағының дауысы басым, сол жеңеді. Міне, осындай жерде би-шешеннің шеберлігі, дауысының күштілігі жарысқа түседі. Бүкіл қазақтың жиынын меңгеріп кету оңай емес.

Қазда мемлекеттің сыртқы саясаты, хан мұрагерлігі, жер иелігі мен ел билігі сияқты жалпы халықтық мәселелер талқыланады, сол себептен Бұқар жырау Абылай ханды тоқтатқысы келсе :

Ашуланба, Абылай,

Ашулансаң, Абылай

Көтерермін, көрермін

Көтеріп қазға салармын, – дейді.

Қай мәселені қазға салу халықтық жиындарда ірі мемлекет қайраткерлерінің, ру басы көсемдерінің олдауымен шешіледі. Егер осы ұсыныстарды қаз қолдаса, онда бүкіл ел қырылып-жойылса да сол шешімді орындайды.

Қазақ идеясының негізі болған «қаз» ұғымы Еуразия халықтарының көне тарихына бастайды. Кавказ таулы өңірін мекендеген осетин және кабардин халықтарының нарт аталатын эпикалық жырларында «Тот на хасе быть достоин, Кто мечом разрушил горы, Кто познал просторы мира, Кто прошел моря и сушу, Закаляя душу в битвах», деген қазға арналған жарқын шумақтар бар. Бұл жерде «қаз» (хаса) ең атақты жауынгерлердің кеңесі, қазіргі тілмен айтсақ, парламент дегенді білдіреді. Эпос қазға тек әскери сыннан өткен, жаугершілікте шыңдалған азаматтар ғана қатыса алады дейді. Кап тауындағы кабарда, балқар, қарашай халықтарында ел жақсыларының жиынын әлі күнге «қаз» (хаса) атайды. Қазіргі зерттеушілердің пікірінше «Хасэ, как и столетия назад, является представительным органом власти народа, полномочным парламентом суверенного государства. На Хасэ периодически принимались решения, очень важные для общества».

Бұл кезеңде дүрбен-ойрат шүршіт-маньчжур шабуылының өтінде болды. Қалдан Серен халха-моңғолды дүрбен-ойратқа енді қайта қосып алмайтынына көзі жетті. Қазақтар болса «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» есін жинап алды, қазақ саудасы бір жағы ескілікті Мәуреннахрмен, Түркістанмен жүрсе, екінші жағынан Ресейдің шекаралық алқаптарынан өзіне жаңа сауда көздерін тапты. Ендеше экономикалық жағынан қазақ қайта күш жинай бастады деген сөз. Осының бәрін ескерген Қалдан Серен Әбілпейізді аманатқа алып қалып, Абылайды босатты, оған Ресей мен Қытайға төтеп беру үшін өзімен жау емес, әскери одақтас халық керек еді. Бұдан әрі Әбілпейіз өзінің бала-шағасымен, баққан малымен қалмақ арасында екі елдің одақтастығының кепілі болып жүрмек. Абылай сұлтан болса зор құрметпен елге оралды.

### **Шешімін күткен мәселелер**

Қазақ халқының мемлекет және билік тарихын зерделеу мен түсінудің бір жолы – билер институтына назар аудару. Оны қаперден шығарып алған зерттеуші қанша жерден күш салса да біздің өткен тарихымыздан мемлекет деген ұлы құрылымды тани алмайды. Ұлт тарихнамасының осал жері де осы. Қанша жерден әдемі баяндалған, көлемі мол еңбек болса да оның ішінде мемлекет пен дәстүрлі биліктің ұйытқысы болған билер институты көрсетілмесе, ол еңбектің бір жағы ойсырап тұрады. Біз ру-тайпа мәселесі дегенде бірден трайбализм деп басымызды ала қашпай, олардың Қазақ хандығының әкімшілік-территориялық құрылымын түзетін бірліктер екенін ұмытпауымыз керек. Осы бірліктерді басқарып және қарым-қатынастарын реттеп тұратын тетік – билер институты.

Әрине, дәстүрлі қазақ мемлекеттілігінің жоғары саяси институттары бар, олар бір орталыққа бағынуды қамтамасыз ететін хан билігі, орда, аталықтар, төлеңгіттер. Бірақ олар айсбергтің жоғарғы жағы сияқты, негізгі ауыр бөлігі ру-тайпалық құрылымдар судың астынан аса көрінбейді. Тек хандық билік

әлсіреген уақытта, не жаугершілік күшейгенде, яғни саяси дағдарыстар кезінде ру-тайпа басшыларының жауаптылықты өздері ала бастағанын көреміз.

Әсіресе, екі ғасырдың жапсарында (XVII-XVIII ғ.ғ.) бір жағы Жібек жолы бойындағы үлкен сауданың тоқтауына, екіншіден, қалалық өңірдің дағдарысына, жаугершіліктің күшеюіне байланысты тағдыры тәлкекке түсіп тұрған қазақ елінің билерге үлкен үміт артқаны байқалады. Бұл кезеңде «Күлтөбенің басында күнде кеңес» өткізіп, жаңа заң жобасын жасап, оны әз Тәуке хан билеген қазақ мемлекетінің құқықтық тұғыры есебінде өмірге кіргізген Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты ұлы билердің орны бөлек. Бұл аталған билер әз Тәуке хан заманында пайда болған жоғары конституциялық кеңес «Жеті Жарғының» құрамында болды. Олар Орталық Азия ерте заманнан мекендеген ұлыстардың заң ережелерінің негізінде «Жеті Жарғыны» қалыптастырды. Сонымен бірге қазақтың ұлы билері сыртқы саясатқа да белсене қатысып, Еуразия құрлығының кіндік өлкесін мекендеген қазақты жан-жағынан анталаған жауларынан қорғаштады. Қазақ-қалмақ, қазақ-қытай, қазақ-орыс арасындағы қарым-қатынастардың XVIII ғасырда біздің елдің пайдасына шешілуі даңқты билердің тек қанамәмілегер ретінде ғана емес, сонымен бірге ру-тайпалық жүйенің барлық мүмкіндіктерін пайдаланып халықты ауыр кезеңде сақтай білуінде дер едік.

Тарих және тұлға туралы қалам тартқан батыстық ұлы ғалым К.Ясперс. Біздің тақырыбымыздың контекстінде оның заман және тұлғаға қатыстылығы бар келесі бір пікіріне назар аударуға болар еді: «Тарих – тұрақты және табанды қимыл, жекелеген адамдардың алға жасаған қадамдары. Олар өзгелерді өздерінің соңынан еруге шақырады. Оларды естігендер және түсінгендер бұл қозғалысқа қосылады. Алайда, сонымен бірге тарих текке айтылған, ешкім соңынан ермейтін, ешкім құлақ қоймайтын ұрандардың, көп туындайтын тарихи оқиғалардың жай ғана жиынтығы болып қала береді».

К.Ясперс тарихты түсінуге мүмкіндік беретін адамзаттың рухани мәдениетінің шарықтауы іске асқан белдік уақыттың бастауын жеке тұлғалардың қайраткерлігімен байланыстырады. Бұл біздің қазақ шежіресі персонификацияланған, яғни жеке тұлғаларға байланған тарих деген анықтамamızбен өте сәйкес келеді. Осы тұрғыдан қазақ мемлекетшілдігінің сынға түскен, замана сынына төтеп берген және санада өшпес үлгі қалдырған Қаздауысты Қазыбек дәуірін ерекше атауға болады. Қазыбек би барлық қазақ руларының өкілдерін жинады. Олар ақылдасып, осындай бір ортақ шешім қабылдады: өздерінің ұлдарын аманатқа береміз, бірақ Жоңғар хандығы не Ресей империясының бодандығын әзірше қабылдамаймыз. Егерде Қалдан Серен олардың шешімімен келіспесе, онда орыстармен бірігіп, жоңғарлармен соғысатынын айтты. Айла-әрекетін жасаған еді. Жүргізілген келіссөздердің нәтижесі бойынша Абылай сұлтан тұтқыннан босатылды, Түркістан қаласы және отыз екі қазақ елді мекені Қазақ хандығының аумағына қайта қосылды.

Қазыбек би қазақ халқының тағдығырында шешуші рөлін атқарған: қазақ халқын біріктірген, орталықтандырылған мемлекетті құрғандардың бірі



болған еді. 1680 жылы Тәуке хан Қазыбекті Орта жүздің Бас биі еткен. Тәуке хан Төле, Әйтеке, Қазыбек билерге жаңа заң жобасын — «Жеті жарғыны» жасатып, бүкіл халық алдында қабылдатты.

Қазыбек би қалыптасқан тарихи жағдайға өз бағасын дұрыс бере отырып, қазақ халқын ынтымақ пен бірлікке, руаралық дауларды тоқтатуға, жоңғар, орыс, өзбек халықтарымен достық қарым-қатынастарды орнатуға шақырып жүрген. Әділдік пен алғырлық — оның би қызметіне тән болған белгілер. Ол өмір бойы өз халқының қамын ойлап жүрген. Әркезде әділ билігін айтып отырған. Халық ауыз әдебиетінде Қазыбек бидің нақыл сөздері өте көп сақталған.

Қазыбек би 1764 жылы Семізбұғы тауының етегіндегі Теректі қыстағында дүниеден өткен. Оның баласы Бекболат әкесі қайтыс болған жерде киіз үй тұрғызып, төрт айдың ішінде Қазыбек бидің денесін қоршап сақтап жүрген екен. Қар ерігенде, Бекболат әкесінің денесін Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне апарып жерлеген.

Қорыта келе ,халқымыздың тарихында өшпес із қалдырған Қазыбек би туралы нақты деректер бізге беймәлім. Дегенмен, ел аузындағы әңгіме, аңыздар мен биден жеткен шешендік сөздер оның өз заманында білімді де жетелі, халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүр, рәміздерін, ата жолы заңдарын мейлінше мол меңгерген, озық ойлы, әділ де көреген, батыл да батыр адам болғандығын айқын аңғартады. Әділдігі мен алғырлығы үшін әз-Тәуке Қазыбекті Орта жүздің Бас биі еткен. Би әз-Тәукенің тұсында хан кеңесінің белді мүшелерінің бірі болса, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай ел билеген кезеңдерде де мемлекет басқару ісіне жиі араласып, ішкі-сыртқы саясатта ақыл-кеңестер беріп отырған. Бидің жастық шағы мен бүкіл саналы өмірі қазақ елінің өз ішінде рулық-тайпалық алауыздықтар мен хандық билікке таластың неғұрлым өршіген, көрші мемлекеттердің көз тігуі жиілеп, шапқыншылық үдейе түскен кезеңге тап



келді. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге қарағанда, ол Тәуке ханның белгілі би-батырлары бастаған елшілігіне ілесіп, алғаш рет қалмақ қоңтайшысы Цэван Рабданға барғанында 14 жаста екен. Қазыбек Келдібекұлы – қазақ халқының 17-18 ғасырда өмір сүрген үш биінің бірі, қоғам және мемлекет қайраткері

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақтың би-шешендері
2. Jetisy.kz сайты
3. «Егемен Қазақстан» мақала«Тұлға мен мұра»Ж.Артықбаев, тарих ғылымдарының докторы, профессор.
4. Қазақстан тарихы оқулық

*Терехова Виктория Дмитриевна,  
Карагандинский колледж искусств им. Таттимбета  
Научный руководитель:  
Кузнецова Елена Васильевна*

## **ДӘУРЕН ТАСТАНБЕКҰЛЫ ӘБИРОВ**

**Аннотация.** Дәурен Тастанбекұлы Әбіров 6 ноябрь 1923, аул Каракемер, Курдайский район, Джамбульская область — 8 июня 2001) — первый казахский профессиональный артист балета и балетмейстер, основоположник казахского народно-сценического танца, один из основоположников хореографического искусства Казахстана. Очень рано остался круглой сиротой - родители умерли от голода.

**Аннотация.** Дәурен Тастанбекұлы Әбіров; 6 қараша 1923 ж., Жамбыл облысы, Құрдай ауданы, Каракемер ауылы – 8 маусым 2001 ж.) – қазақтың тұңғыш кәсіби балет әртісі және хореографы, қазақ халық сахналық биінің негізін салушы, Қазақстанның хореографиялық өнерінің негізін салушылардың бірі. Ол өте ерте жетім қалды - ата-анасы аштықтан қайтыс болды.

**Annotation.** Dauren Tastanbekuly Abirov; November 6, 1923, Karakemer village, Kurdai district, Dzhambul region - June 8, 2001) - the first Kazakh professional ballet dancer and choreographer, the founder of Kazakh folk stage dance, one of the founders of the choreographic art of Kazakhstan. Very early he remained an orphan - his parents died of starvation.

Дәурен Тастанбекұлы Әбіров очень рано остался круглой сиротой - родители умерли от голода. В 1934 году был определен в Алма-Атинский детдом № 13, на базе которого была открыта первая в Казахстане балетная школа. Его учителями стали А.Александров, М.Молодяшин, А.Селезнев.

В 1936 году в составе детского танцевального коллектива участвовал в первой декады казахстанской литературы и искусства в Москве; исполнение ансамблем «Вальса цветов» из балета «Спящая красавица» вызвало бурные аплодисменты зрителей.

Окончил Алма-Атинское хореографическое училище (1942). В год окончания хореографического училища для отчетно-выпускного экзамена был поставлен балет «Жизель», где главные партии исполнили А.Сулейменова, Д.Абиров, Е.Ватсон.

В 1942 ушел добровольцем на фронт, где его после призыва отправили пограничником на восточную границу, позднее был переведен и до 1946 г. служил в Ансамбле песни и танца пограничных войск в Джаркентском погранотряде. Участник ВОВ.

После демобилизации, чтобы вернуть профессиональную сценическую форму, вторично проходит выпускной класс балетного училища и возвращается на профессиональную



балетную сцену. В 1947 году Управление по делам искусств при СНК КазССР направляет Абирова учиться в Москву, на балетмейстерское отделение ГИТИСа им. А. В. Луначарского. Окончил балетмейстерское отделение ГИТИСа в 1952 году;

педагоги Р. В. Захаров, Т. С. Ткаченко, М. В. Васильева и др.).

